

ӘОЖ 347. 731
МРНТИ 10.21.41

САЛЫҚТЫҚ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР: 2018

Г.Қ. Жақаева¹, Д.Т. Қонырбаева¹

¹*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан*

НАЛОГОВЫЕ НОВОВВЕДЕНИЯ: 2018

Жақаева Г.Қ.¹, Қонырбаева Д.Т.¹

¹*СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан*

TAX INNOVATIONS: 2018

G.K. Zhakaeva¹, D.T. Konyrbaeva¹

¹*NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan*

Аңдатпа

Нақты мақалада Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің (Салық кодексінің) жаңашылдықтары қарастырылған.

Салық салу жүйесіне енгізілген өзгерулерге көңіл бөлінген. Заңды жаңартудағы негізгі мақсат – еліміздегі орта және шағын бизнесті дамыту. Ел экономикасы дамуының бірден – бір көзі – кәсіпкерлік саласына ерекше көңіл бөлу. Сондықтан басымдылық осы мәселеге беріліп, кәсіпкерлік тақырыбында көптеген зерттеулер жүргізілді. Мамандардың ойынша, бұл кодекс адал ниетті салық төлеушілердің құқығын қоғауды көздейді. Оның үстіне, жаңа заң көп салалы экономика мен әкімшілік қызметтерді жеңілдетуге, халықты ерікті түрде салық төлеуге ынталандырмақ.

Салық заңнамасы – салық салу және жинауға қатысты қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жиынтық атауы. Салық заңнамасы нақты салық түрлерін төлеу, есептеу, бақылау тәртібін, заңды және жеке тұлғалардың салық төлеу міндетін және салық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын белгілейді.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы Салық және бюджетке төленетін баса да міндетті төлемдер туралы кодекстен және осы саланың жекелеген мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Түйінді сөздер: салық кодексі, салықтық жаңашылдықтар, салықтық жеңілдіктер, салық салу базасы, орта бизнес, шағын бизнес, арнайы салықтық режим, салықтық тексерулер, салықтық шегерімдер, салықтық есептілік, электрондық сауда.

Аннотация

В данной статье рассмотрены новшества кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)».

Акцентируется внимание на изменения в налоговой системе. В первую очередь кодекс направлен на развитие малого и среднего бизнеса. В частности, кодекс предусматривает изменение идеологии – теперь она будет направлена на защиту интересов добросовестного налогоплательщика. Также кодекс предусматривает стимулирование для различных секторов экономики и упрощение администрирования. Новшество тудет мативировать самостоятельную уплату налогов.

Налоговое законодательство – это совокупность нормативных правовых актов, регулирующих общественные отношения в сфере налогообложения. Налоговое законодательство устанавливает основополагающие принципы налогообложения, регулирует властные отношения по установлению, введению, изменению, отмене, порядку исчисления и уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет, а также отношения, связанные с исполнением налогового обязательства.

Налоговое законодательство Республики Казахстан основывается на Конституции Республики Казахстан, состоит из Налогового Кодекса, а также нормативных правовых актов, принятие которых предусмотрено кодексом.

Ключевые слова: налоговый кодекс, налоговые новшества, налоговые льготы, база налогообложения, малый бизнес, средний бизнес, специальный налоговый режим, налоговые проверки, налоговые отчисления, налоговый учет, электронная торговля.

Abstract

This article discusses the innovations of the Code of the Republic of Kazakhstan «On taxes and other obligatory payments to the budget (Tax Code)».

Attention is focused on changes in the tax system. First of all, the code is aimed at the development of small and medium – sized businesses. In particular, the code provides for a change in ideology – now it will be aimed at protecting the interests of a bona fide taxpayer. The code also provides incentives for various sectors of the economy and simplifies administration. Innovation will motivate self – pay taxes.

Tax legislation is a set of regulatory legal acts regulating social relations in the field of taxation. Tax legislation establishes the fundamental principles of taxation, regulates power relations for the establishment, introduction, amendment, cancellation, the procedure for calculating and paying taxes and other obligatory payments to the budget, as well as relations connected with the fulfillment of tax obligations.

The tax legislation of the Republic of Kazakhstan is based on the Constitution of the Republic of Kazakhstan, consists of the Tax Code, as well as regulatory legal acts, the adoption of which is provided for by the code.

Key words: tax code, tax innovations, tax breaks, tax base, small business, medium business, special tax regime, tax audits, tax deductions, tax accounting, electronic commerce.

Кіріспе

Қоғам талабының өзгеруіне байланысты осы жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде «Салық және бюджетке төленетін баса да міндетті төлемдер туралы» жаңа кодекс қолданысқа енгізілгені барлығымызға мәлім. Кодекс, ең бірінші кезекте, ұсақ және орта бизнесті дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, кодекс жылдар бойы қалыптасып қалған идеологияны өзгертуді талап етеді. Оның негізгі бағыты – адал ниетті салық төлеушілердің мүдделерін қорғау, сонымен қатар экономиканың әртүрлі секторларын ынталандыру. Ендігі кезекте тұлғалар өз ниетімен, өз бастамашылығымен өздігінен салық төлеуді көздейді. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Тимур Сулейменовтың атап кеткеніндей, кодекс ұсақ және орта бизнесті одан әрі дамытуға бағытталған, салық салудың жаңаша балама режимін ұсынады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекс (салық кодексі) салық салудың негізін құрайтын қағидаларды белгілейді, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу, өзгерту, олардың күшін жою, есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

Бұл нормативтік құқықтық акт салық заңнамасын жетілдіріп, тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жоюды қарастырады. Жоғарыда атап өткендей, заңды жаңартудағы негізгі мақсат – еліміздегі орта және шағын бизнесті дамыту. Ел экономикасы дамуының бірден-бір көзі – кәсіпкерлік саласына ерекше көңіл бөлу. Сондықтан басымдылық осы мәселеге беріліп, кәсіпкерлік тақырыбында көптеген зерттеулер жүргізілді. Мамандардың ойынша, бұл кодекс адал ниетті салық төлеушілердің құқығын қоғауды көздейді. Оның үстіне, жаңа заң көп салалы экономика мен әкімшілік қызметтерді жеңілдетуге, халықты ерікті түрде салық төлеуге ынталандырмақ.

Сонымен қатар басқа да мақсаттарды көздейді, яғни салық режимін оңтайландыру, салық саясатын жаңа экономикалық жағдайға келтіру, бизнесті көлеңкеден шығару, шикізат секторындағы аталған базаны кеңейту және жетілдіру және т.б.

Салықтық тексеру түрлері кешенді, тақырыптық, қарама – қарсы және хронометражды нысан болып өзгертілді. Салықтық тексеру түрлері Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексіне сәйкестендіріліп, таңдамалы салықтық тексеру және жоспардан тыс салықтық тексеру деп айқындалды.

Салықтық тексерулердің әділдігін қамтамасыз ету мақсатымен, Салық кодексіне жаңа баптар (155 және 156 баптар) енгізіліп, салық төлеуші (салық агенті) мен мемлекеттік кіріс органдарының лауазымды тұлғасының құқықтары мен міндеттерін бекітілген.

Жаңа салық кодексінің шеңберінде салықтық тексерулерді төмендетуге бағытталған іс – шаралар қарастырылған. Оларды жеке атап көрсететін болсақ, жоспардан тыс салықтық тексерулер жүргізудің негіздерінің саны 32 – ден 12 – ге, яғни 62 % – ға қысқартылды.

Бизнес–қауымдастықтың ұсынысы бойынша, жаңа салық кодексінде төмендегі ережелер бекітілді:

1. Тақырыптық салықтық тексерулер мен хронометраждық байқауды, сонымен қатар қарама – қарсы тексерулерді тағайындау заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен бекітіледі.

2. Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе заңды тұлғалар таратылған кезде аудиторлық ұйымдардың салықтар бойынша аудитті жүзеге асыру шарттары оңтайландырылды.

3. Жеке практикамен айналысатын жеке тұлғалардың әрекеті (адвокаттар, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, кәсіби медиаторлар) салықтық тексерулер жүргізілмей – ақ, камералық бақылау негізінде тоқтатылады.

Нақты жаңашылдықтар салықтық тексерулердің санын азайту және салықтық тексерулерге байланысты туындайтын салық дауларын төмендетуге бағытталған игі шара.

Енді 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген жеңілдіктерге тоқтала кететін болсақ, міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерім, зейнетақы төлемдері және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салықтық шегерім, стандартты салықтық шегерімдер, сыйақылар бойынша салықтық шегерімдер, медицинаға арналған салықтық шегерімдер.

Арнаулы салық режимдері қосымша тағы бір түрімен толықтырылды: ол, шағын субъектілері үшін тіркелген шегерім пайдаланатын арнаулы салық режимі (690 баптар). Бұл режимді жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 50 адамнан аспайтын және салықтық кезеңдегі кірісі ең төменгі жалақының 12260 еселенген мөлшерінен аспайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданып, жеке немесе корпоративтік табыс салықтары салынатын кірісті айқындаған кезде шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасына Салық кодексімен көзделген түзетулерді есепке ала отырып айқындалған кіріс сомасынан 30 пайызға тең белгіленген шегерім сомасын қосуға құқылы және де, шегерімге жатқызылған шығыстардың жалпы сомасы көзделген түзетулерді есепке ала отырып жиынтық жылдық табыстан 70 пайызынан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимдерін қолдану шарты да өзгерді, яғни, дара кәсіпкер мен заңды тұлғаға бөлінбей, жалпы талап қойылды: қызметкерлердің орташа саны 30 адамнан және кірісі ең төменгі жалақының 2 044 еселенген мөлшерінен аспауы керек (683 бап).

2018 жылдан бастап, қолма – қол шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметтерді жүзеге асыруға лицензиясы және оған уәкілетті

ұйымның айырбас пункті (айырбас пункттері) көрсетілген қосымшасы (қосымшалары) бар, екінші деңгейлі банк болып табылмайтын заңды тұлға тіркелген салық төлеушісі болып табылады (543 бап), одан басқа, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебіне қойылуға тиіс (88 бап).

2018 жылдан бастап, салық төлеушілердің қызметін мәжбүрлі тәртіппен тоқтату ерекшеліктері көзделген жаңа бап қарастырылды (93 бап).

Бұл ретте, салық есептілігін табыс етпеген, экспорттық–импорттық операцияларды жасамаған, ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмаған, салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұрмаған, меншік құқығында көрсетілетін салықтар салынатын объектілері жоқ (жеке тұлғаларға мүлік, көлік құралдары салықтары, жер салығы, бірыңғай жер салығы салынатын объектілерді қоспағанда), әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ, салықтық берешегі 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын және т.б. шарттарға сәйкес келетін салық төлеушілер мәжбүрлі тәртіппен қызметін тоқтатуға жатады. Яғни, салық органы 1 наурыздан кешікпей, бастапқы тізбесін қалыптастырып, 1 сәуірден кешіктірмей – интернет ресурсқа орналастырады, 1 мамырдан кешіктірмей – банктерге, уәкілетті органдарға сұраныстар жолдайды, 1 маусымына дейін – кредиторлардың өтініштерін қабылдайды, 1 шілдесінен кешіктірмей – түпкілікті тізбесін қалыптастырып, 1 қыркүйектен кешіктірмей – талап қою арыздарды сотқа жолдайды.

2018 жылдан бастап, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның мәліметтері негізінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының есепке жазылған сомасы туралы хабарламаның жаңа түрі енгізілді (114 бап). Бұл ретте, мұндай хабарлама тиісті мәліметтер алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей салық төлеушіге жіберіледі.

2018 жылдан бастап, ойын бизнесі саласында, алкоголь өнімін сақтау және көтерме, бөлшек саудада өткізу қызметімен (алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда) айналысатын салық төлеушілер жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақыны (бұрынғы – жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым) өзінің тұрған жері бойынша ағымдағы жылғы 25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан кешіктірмей тең үлеспен жыл сайын төлейді (558 бап). Бұрын – жыл сайын ағымдағы жылғы 20 шілдеге дейін төленетін (ойын бизнесі бойынша – 20 қаңтарға дейін).

Сонымен қатар, лицензия алу кезінде төлемақы төлеу жөніндегі міндеттеме лицензия алған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап туындайды (бұрын тиісті құжаттарды лицензиарға бергенге дейін бюджетке төленетін еді).

Сонымен қатар ипотека алғандарға салықтық шегерім жасалады және электрондық сауда талаптарын орындағандарға салық азайтылады.

Елімізде электронды сауда – саттық енді ғана дамып келе жатыр. Ғаламтор арқылы тауар сатып алушылардың қатары күннен күнге көбею үстінде. Азаматтардың сұраныстарын жүзеге асырып отырған ұсынушыларға біршама жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, заңды тұлғалар – корпоративтік табыс салығынан, ал жеке кәсіпкерлер жеке табыс салығын төлеуден босатылады. Бірақ заң кез келген кәсіпкерді салықтан босата алмайды. Салықтық жеңілдік белгілі бір талапты орындағандарға ғана қолданылады. Яғни, тауарды өткізу жөніндегі мәмілелер электрондық нысанда рәсімделуі тиіс; тауар үшін ақы төлеу қолма–қол емес, төлем түрінде жүргізіледі. Тауарды сатып алушыға жеткізетін қызметі болуы керек. Мысалы,

арнайы қызметкерлері болса немесе жүктерді тасымалдайтын курьерлік, пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарт жасасуы қажет. Уақытылы салық органына тіркеліп, тіркеу номерін алады. Содан кейін салық төлеуші ретінде қызметінің басталғандығы немесе тоқтатылғандығы жайлы хабардар етуі тиіс.

Электрондық сауда кезінде тауарды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізу мерзімін салық органы бекітеді. Осы талаптар сақталғанда ғана салық төлемі 100 % төмендетіледі. Демек, қызметін ғаламтор арқылы жүргізетін кәсіпкерлер салық түрлерін төлеуден толығымен босатылады. Сонымен қатар, жылдық жиынтық кірістің кемінде 90 % электрондық саудадан түсуі керектігіне мән берген жөн. Осы шарт орындалмаған жағдайда салық төлеушінің жоғарыда көрсетілген жеңілдіктерді қолдануға құқығы болмайды.

Пәтерді жалға беретіндер патент ашса, 1 % мөлшерінде ғана салық төлейді. Үйін жалға беріп отырған тұлғаның тіркелмеуіне де болады. Ондай кезде жеке табысының 10 % төлейді. Салық кодексіне сәйкес, пәтерін жалға беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелуіне де болады. Пәтерін жалға беруші патент ашатын болса, 1 % мөлшерінде ғана салық төлейді. Өткен жылы 2 % болатын. Ал оңтайландырылған декларация бойынша 3 % мөлшерінде салық салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қаулыны орындаудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты орындалуы мүмкін емес, салық салу, сондай – ақ Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша айыппұл сомасы салық органының шешімі негізінде осындай шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотынан салық органының есептен шығаруына жатады (99 бап).

Бақылау – касса машиналарын қолдану тәртібі бойынша келесідей өзгерістер орын алды:

2018 жылдан бастап, барлық салық төлеушілер моделі мемлекеттік тізілімге енгізілген деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау–касса машиналарын міндетті түрде қолдануға тиісті болады (167 бап). Бұл талап тек жеке тұлғалар, адвокаттар мен медиаторлар, қоғамдық көлікте тасымалдаумен айналысатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде орналасқан, екінші деігейдегі банктердің ақшалай есеп айырысуларына қолданылмайды.

Министр мемлекеттік кіріс органдары мен салық төлеуші арасындағы өзара іс – әрекеттердің айқын ережелерін бекіту мақсатында заңдылық қағидасы, тиімділік қағидасы және тәуекелге бағдарланған әкімшіліктендіру қағидасы сияқты салықтық әкімшіліктендірудің қағидаларының енгізілгендігін баяндады.

«Әлемнің көптеген елдерінде салық төлеушілерді топтарға бөлу жасырын, «жабық» ақпарат болып табылатынын атап өткен жөн. Біз болсақ, «ашық критерийлерді» қарастыратын құрамдастырылған үлгіні енгізуді ұсынамыз, ол салық төлеушілерге тәуекелдің төмен дәрежесі «жасыл аймаққа» ену үшін бағдар және «қызыл аймаққа» түсуден ескерту болмақ», – деп атап өтті Бақыт Сұлтанов.

Мемлекеттің қаржылық қажеттіліктерін мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық мүдделерінің теңгерімін сақтау негізінде қамтамасыз ету мақсатында жана салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді белгілеу және қолданыстағыларының күшін жою, мөлшерлемелерді, салық салу объектілері мен

салық салуға байланысты объектілерді, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық базаны өзгерту жөніндегі шаралардың жиынтығы салық саясаты болып табылады.

Салық саясаты жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпке сәйкес салықтық жеңілдіктерді қолданудың тиімділігін талдауды жүзеге асырады.

Қорытынды

Сонымен, жаңа Салық кодексіндегі жаңашылдықтарды қорытындылайтын болсақ, Қазақстан Республикасында тұрып жатқан барлық адамдар мен азаматтарға қатысы бар бір бөлім – ол жалпы декларациялау, яғни бұл бөлімнің қызметкерлерге, бизнесмендерге және басшыларға қандай қатысы болса, Қазақстан Республикасының кез келген азаматы үшін де сондай қатыстылыққа ие. Қазақстан Республикасының жаңа Салық Кодексінде жеке тұлғалардың кірістерін жалпы декларациялауға жеке бөлім арналған. 2020 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының кәмілетке толған барлық азаматтары, оралмандар, тұру рұқсаты барлар және резидент еместердің кейбіреулері жылына бір рет өзінің мүліктері мен кірістері туралы декларация тапсырулары тиіс. Декларацияда барлық мүліктерімізді және кірістерімізді көрсетуге тиіспіз. Мысалы, ақша, жылжымайтын мүлік, автокөліктер, несиелік қарыз сомалары және бізге қарыз сомалар.

Жалпы декларациялауға көшудегі негізгі мақсат – сыбайлас жемқорлық көріністері және көлеңкелі экономикамен күресу үшін жеке тұлғалардың мүліктері мен кірістеріне бақылау жасау. Жалпы декларациялау көптеген елдерде қолданылады, мысалы, Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария және т.б.

Салықтық заңнамадағы өзгерістерге осылайша сипаттама жасауға болады. Осы құқықтық актіні қабылдау салдарынан әрекет етуші қызметтегі көптеген аспектілері қайта қарастыру қажеттілігін туындататыны сөзсіз.

Әдебиет:

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсан.
2. <https://www.zakon.kz> Какие изменение произошли в налоговом законодательстве в 2018 году.
3. <https://www.ktk.kz> Новые налоги и новые пособия: что изменилось в законах Казахстана.
4. <https://www.uchet.kz> Важные изменения с 2018 года.
5. <https://m.kapital.kz> Новый Налоговый кодекс: на что обратить внимание.